

## Азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі республикалық кеңес туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 наурыздағы N 174 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 желтоқсандағы N 1187 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1.1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі республикалық кеңес ( бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Кеңестің құрамы;

2) Кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

1 1

н а у р ы з д а ғ ы

N

1 7 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі республикалық кеңестің құрамы**

Түймебаев

- Қазақстан Республикасының Білім

Жансейіт Қансейітұлы

және ғылым министрі, төраға

Бабақұмаров

- Қазақстан Республикасының Мәдениет

Ержан Жалбақұлы

және ақпарат вице-министрі,

төрағаның орынбасары

Өтешев - Қазақстан Республикасы Білім және  
Нұрлан Сүлейменұлы ғылым министрлігі Жастар саясаты  
департаментінің директоры, хатшы

Әбдімомынов - Қазақстан Республикасының Білім  
Азамат Құрманбекұлы және ғылым вице-министрі

Жанасаев - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Болат Бақытжанұлы министрінің орынбасары

Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Рәпіл Сейітханұлы министрінің орынбасары

Қасымов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Құлмұханбет Нұрмұханбетұлы вице-министрі

Омаров - Қазақстан Республикасының  
Қадыр Тоқтамысұлы Денсаулық сақтау вице-министрі

Қожамжаров - Қазақстан Республикасы Әділет  
Темірболат Жанайдарұлы министрлігі Халыққа құқықтық көмек  
және заңгерлік қызмет көрсетуді  
ұйымдастыру комитетінің төрағасы

Өтепов - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Шынтас Сарбасұлы қауіпсіздік комитетінің Шекара  
қызметі директорының орынбасары -  
кадр, тәрбие және әлеуметтік-  
құқықтық жұмыс бас басқармасының  
бастығы, генерал-майор

Черкасов - Қазақстан Республикасының Президенті  
Юрий Петрович Әкімшілігінің Әлеуметтік-саяси  
бөлімі меңгерушісінің бірінші  
орынбасары

Жолдасбаева - Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Нұрлығайым Шалданқызы Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму  
комитетінің мүшесі, депутат (келісім  
бойынша)

Нөкетаева - Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Динар Жүсіпәлиқызы Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму  
комитетінің мүшесі, депутат (келісім  
бойынша)

Әбенев - Қызылорда облысы әкімінің орынбасары  
Мұрат Әбділәмитұлы

Ақсақалов - Жамбыл облысы әкімінің орынбасары  
Құмар Іргебайұлы

Аманшаев - Астана қаласы әкімінің орынбасары  
Ермек Әмірханұлы  
Бекмағанбетов - Ақмола облысы әкімінің орынбасары  
Ғалым Мәдешұлы  
Бектұрғанов - Қостанай облысы әкімінің орынбасары  
Серік Шыңғысұлы  
Жұмабекова - Павлодар облысы әкімінің орынбасары  
Рысты Мағауияқызы  
Қайненов - Атырау облысы әкімінің орынбасары  
Қилымғали Қайненұлы  
Мұқанов - Алматы облысы әкімінің орынбасары  
Серік Мейірханұлы  
Мырзалин - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің  
орынбасары  
Мәлік Кеңесбайұлы орынбасары  
Мурзин - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің  
орынбасары  
Алмат Зарлықұлы орынбасары  
Мыңбай - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің  
орынбасары  
Дархан Қамзабекұлы орынбасары  
Рахымжанов - Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары  
Әмірхан Мұратбекұлы  
Сейдуманов - Алматы қаласы әкімінің орынбасары  
Серік Тұрарұлы  
Сейітмағанбетова - Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары  
Гүлнар Сүлейменқызы  
Өтемісов - Батыс Қазақстан облысы әкімінің  
орынбасары  
Шавхат Әнесұлы орынбасары  
Сәдуақасов - Қазақстан халықтары Ассамблеясы  
Қайрат Құтымұлы Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары  
Перуашев - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері  
мен жұмыс берушілері жалпыұлттық  
одағының басқарма төрағасы  
Жолдасбеков - Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
Мырзатай Жолдасбекұлы ақпарат министрлігі "Президенттік  
мәдениет орталығы" мемлекеттік  
мекемесінің директоры  
Әбдіманапов - Қазақстан жоғары оқу орындарының  
Сәрсенғали Әбдіғалиұлы ректорлары кеңесінің төрағасы,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің ректоры

Хаматдинова	- "Нұр Отан" халықтық демократиялық
Алина Наильевна	партиясының "Жас Отан" жастар қанаты
	республикалық кеңесі төрағасының
	бірінші орынбасары
Жапақов	- "Әділет" демократиялық партиясының
Қуаныш Асылбекұлы	аппарат басшысы
Есенғұлов	- Қазақстанның патриоттар партиясы
Айтқали Ғұсманұлы	төрағасының орынбасары
Кәрімбаев	- Қазақстан жастары конгресінің
Нұрсұлтан Тұрлыбекұлы	атқарушы директоры
Манкеев	- "Жасыл ел" республикалық штабының
Мұхтар Наурызбайұлы	төрағасы
Бақытбеков	- Қазақстан студенттері альянсының
Нағи Қалтайұлы	көшбасшысы
Палаев	- "Қазақстанның ауыл жастары одағы"
Василий Владимирович	қоғамдық жастар бірлестігінің
	төрағасы
Райымбердиев	- Бекзат Саттарханов атындағы "Намыс"
Талжан Пердешұлы	жастар қоғамдық бірлестігінің
	төрағасы
Тортаев	- "Адам" стратегиялық зерттеулер қоры"
Төлеген Қабдыисламұлы	қоғамдық бірлестігінің төрағасы
Мұқышев	- "Қазақстан Республикасы
Бекболат Бапанұлы	ардагерлерінің ұйымы" қоғамдық
	бірлестігі төрағасының орынбасары
Пашевич	- "Боевое братство" жергілікті
Сергей Владимирович	соғыстар мен әскери қақтығыстар
	ардагерлері (қатысушылары) одағының
	президенті
Өтегенов	- Қазақстан Республикасындағы
Шәріпбай Әбділмәлікұлы	Ауғанстан және жергілікті соғыстар
	ардагерлері одағының төрағасы
Костенко	- Ақмола облысы және Астана қаласы
Людмила Ивановна	жауынгерлерінің аналары комитетінің
	төрайымы

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

## **Азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі республикалық кеңес туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі республикалық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

### **2. Кеңестің міндеті мен функциялары**

3. Кеңестің міндеті Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру болып табылады.

4. Жүктелген міндетті іске асыру мақсатында Кеңес мынадай функцияларды орындайды:

1) азаматтарға патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды нығайту және кеңейту жөнінде ұсынымдар әзірлейді;

2) Бағдарламаны тиімді іске асыруға және елдің азаматтарын қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

### **3. Кеңестің құқықтары**

5. Кеңес өзіне жүктелген міндетті іске асыру мақсатында:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті материалдар мен ақпаратты сұратуға және алуға;

2) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін Кеңестің отырыстарына шақыруға және қаралатын мәселелер бойынша тыңдауға құқылы.

### **4. Кеңестің қызметін ұйымдастыру**

6. Кеңес төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Кеңестің отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және

қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кеңес жүзеге асыратын қызмет, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру үшін және Кеңес әзірлейтін шешімдер үшін дербес жауапты болады.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады.

7. Кеңес хатшысы Кеңестің жұмысын ұйымдастырады, қажетті материалдарды дайындауды жүзеге асырады және отырыстардың хаттамаларын ресімдейді. Хатшы Кеңес мүшесі болып табылмайды.

8. Кеңес отырыстарына материалдар оның өткізілуіне дейін кемінде 3 күн қалғанда Кеңес мүшелеріне жіберіледі. Отырыстың күн тәртібін, сондай-ақ оның өткізілетін орны мен уақытын Кеңес мүшелерінің келісімі бойынша Кеңес төрағасы айқындайды.

9. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері Кеңес қызметіне алмастыру құқығынсыз қатысады.

Кеңес отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша шешімдер Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс берумен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

Кеңес отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша оның барлық мүшелері міндетті түрде қол қоятын хаттама толтырылады.

Кеңес мүшелері айрықша пікір құқығына ие, ол білдірілген жағдайда, жазбаша түрде баяндалуға және хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

## **5. Кеңестің қызметін тоқтату тәртібі**

11. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде тоқтатады.